


(күні, айы, жылы)
№1 әдістемелік отырыстың
шешімінде қабылданды

**«САНДУҒАШ» БАЛА БАҚШАСЫ» ҚАРАСАЙ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНЕ ҚАРАСТЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ Ш. БАЗАРБАЕВАНЫҢ ЖОБАЛЫҚ
ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ.**

Тақырыбы: ҚЫЗЫҚТЫ МАТЕМАТИКА



- **ЖОБАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ:**

- Кеңістік, уақыт арқылы бағдарлау, заттарды санау, сызықтар сандар, сандар қатары, математикалық ертегі, логикалық тапсырмалар, қызықты жаттығулар, дидактикалық ойындар, есептер, геометриялық пішіндер туралы танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

- **БАСҚА ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ:**

- Басқа сабақтармен ұштастыру, математика пәнін жапсыру, сурет, дене тәрбиесі, тіл дамыту, жапсыру пәндерімен байланыстыра өткізсе, тәрбиешінің балаларға және білім беру еңбегі нәтижелі болар еді





Математика

Жобаның мақсаты: Математикалық білім мен ұғымдар негізінде балалардың ақыл- ой қабілеттерін қалыптастыру.


Жобаның міндеті: Танымдық үдерістер: түйсік, ықылас, ес, ой, қиялын дамыту. Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін: салыстыру, қорытындылау, талдау жасау, байланыстың себеп-салдарын анықтауды қалыптастыру. 5 көлеміндегі санау дағдыларына үйрету. Заттардың көлемімен, пішінімен, олардың кеңістікке қатынасымен таныстыру. Қарапайым уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру.


- **ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР:**
- ТӘРБИЕШІ
- ЕРЕСЕК ТОБЫНЫҢ БАЛАЛАРЫ
- АТА-АНАЛАР



• ТҮРІ ЖӘНЕ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ:

- ӘҢГІМЕЛЕСУ;
- САНАМАҚТАР ЖАТТАУ;
- САННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАҢБАСЫН МҮСІНДЕТУ
- ТАЯҚШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ПІШІНДЕР ҚҰРАСТЫРУ;
- ҚИМА ПІШІНДЕРДЕН ҚҰРАСТЫРУ;
- МУЛЬТФИЛЬМ КӨРУ;
- СУРЕТІН САЛУ;
- ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР;









Жобаның мазмұны: Математикалық сауаттылықты қалыптастыра отырып, оның қыр-сырын толығымен түсіндіре жалпылау. Соған байланысты математикалық сауаттылықтың ең дұрыс та нақты айтылу мен жазылуын еске отырып, математикалық ұғымдарға толығымен көңіл бөлу. Өздеріне таныс заттарды салыстыру нәтижесінде ұзындау, қысқалау, бірдей көлемде салыстыра білуге үйрету. Үлгі бойынша үлкендеу, бірдей (көлемі жағынан) деген сөздерді қолданып, заттардың ұзындығы, биіктігі, кеңдігі, жуандығы, жіңішкелігі жағынан қарама-қарсы және бірдей көлемде екенін ажыратуға үйрету. Ұсынылған заттардың ұзындығы, ені, биіктігі, және жуан, жіңішкелігіне қарай өзгеретіндігі жайлы ұғымды нақтылай түсу; сөз жүзінде дұрыс айтуға (ұзынырақ болады, мынау жіңішкерек т.с.с.) үйрету. Балаға таныс заттардың ұзындығын шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеу арқылы салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшеуіштердің көмегімен заттың ұзындығын, енін, биіктігін анықтауға, сұйық және сусымалы заттарды өлшеп, көлемін табуға үйрету. Заттардың ұзындығы, ені, жуандығы бойынша өзгешеленетіні туралы түсініктерді нақтылай түсу. Аз немесе көп, біреу немесе көп, қанша, қанша болса сонша, тең деген ұғымдарды меңгерту. Көп заттан бір затты ажыратып алуды үйрету. Топ бөлмесіндегі заттарды салыстырып, қай заттың көп, қай заттың біреу екенін балаға айтқызу.

Шаманы не өлшемді бастапқыда танып білуге, ол туралы қарапайым ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына білім берудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері мүмкіндік туғызады. Олардың арасында: көрнекті, сөздік, практикалық және ойын әдістерін атап өтуге болады.



Жүргізілетін жұмыстар:



Тақырыбы

Мерзімі

Жауапты
адам

1. "Математика
ханшайымынан хат"

2. Математикалық
ойындар

3. "Сиқырлы сандар"
папкасын дайындау

4. Геометриялық
пішіндер серуенде

5. Сандар жолын
дайындау

6. Геометриялық лото

7. Логикалық математика
(кітапша дайындау).

8. Мозайка

9. Математика не үшін
керек?

Қыркүйек

Қазан

Қараша

Желтоқсан

Қаңтар

Ақпан

Наурыз

Сәуір


Мамыр

Тәрбиеші
Балалар
Ата-аналар



Геометриялық пішіндер

«Паровозик из Ромашково»





Кезеңдер:

1. Міндеттерді қою: Математика ханшайымына хат жазу.
2. Міндеттерді талқылау: Балаларға жағдайдың шешілуіне көмектесу
3. Жоба бойынша жұмыс: Сиқырлы сандар, геометриялық пішіндер туралы мәселерді шешуге күш салу
4. Жобаның тұсаукесері (презентация): Балаларға жобаны қорғауға көмектесу.
5. Қорытынды: Математика қалашығы





10

9

8

7

6

5

4

3

2

1

0



Күтілетін нәтиже:

Қоршаған ортада көп зат пен бір затты табады, заттар тобын жанына қою және бірінің үстіне бірін қою әдістерін қолдана отырып салыстыра алады, көлеміне қарай екі затты салыстырады, заттардың көлемін, ұзындығын, биіктігін сөзбен белгілейді, шеңберді, шаршыны, үшбұрышты атауды, жоғары, төменгі, сол жаққа, оң жаққа - сөздерін түсінеді, тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін: (таңғы уақыт – кешкілік уақыт, күндізгі уақыт – түнгі уақыт) анықтайды.

Бұл жұмыстың нәтижесі балалардың математикалық түсініктер мен дағдыларды меңгеру деңгейін арттыру болды. Балалардың білім мен дағдыларын дамыту және тереңдету үшін жобалар бойынша тұрақты жұмыстарды ұйымдастыру өте қажет.

